

6D041600-Өнертану мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған Күзеубай Аманкелді Ұзақбайұлының «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша)» докторлық диссертациясының ғылыми консультант, өнертану докторы, академиялық профессор **Ғ.Н.Омарованың**

ШҚІРІ

Амангелді Күзеубайдың диссертациялық зерттеуінің тақырыбы Қазақстанның музыка ғылымы үшін ғана емес, бүгінгі таңда 25-жылдығын қарсалып отырған егемен республиканың өз мәдениетін құру мәселесі үшін де өзекті тақырып болып табылады. Барлық елдерде (әсіресе шығыс елдерінде) нарықтық жағдайда бұқаралық музыкасы мен мәдениетінің бейқам таратылуы (тіпті, тиражға айналуы) ұлттық мәдениет және классикалық өнерлерге қауіп төндіреді. Осы орайда жаһандану заманындағы дәстүрлі қазақ музыкасының таралым мәселесі аса өзектілікке ие. Солай бола тұрса да, ұлттық классика Қазақстанның музыка мәдениетінің негізін құрауы тиіс және де бүгінгі біздің игі міндетіміз - оны ата-бабамыздың қалдырған баға жетпес рухани сыйы ретінде сақтап, алдағы буындарға тапсыру.

Әрине, бұл, сөзсіз, ауқымды тақырып және оны түрлі көзқарастарды есепке ала отырып, түрлі аспектілерде және түрлі музыкалық материал негізінде шешуге болады және шешуге тиіспіз. Амангелді Күзеубай, біріншіден, қазақтардың ең танымал және көрнекті музыка дәстүрі – Арқа ән өнері – материалы бойынша зерттеу жүргізді. Екіншіден, докторант өзі Арқа дәстүрінің әншісі бола отырып, орындаушылық және дәстүрлі музыканттарды оқытудың қазіргі таңда ең өзекті мәселелерімен байланысты зерттеу бағытын тандаған. Бұл мәселелер, әрине, қазақтың дәстүрлі ән мәдениетін сақтау және таралым мәселелерімен тікелей байланысты, себебі ұлттық музыка өнерінің болашағы *ән-күй-жыр* өнерінің орындаушылық ерекшеліктерінің сақталып, зерттелуі және қазіргі қазақ дәстүрлі музыканттарын оқыту жүйесінің мәселесінің сәтті шешілуіне тәуелді.

А. Күзеубайдың диссертациялық зерттеуінің ең маңызды, ең ұтымды жақтары мынада:

1. Қазақтың ән өнерінің толық сақталуы мәселесіне тікелей қатынасы бар *дәстүрлі вокал негіздері* мәселесінің қойылуы және ішінара шешілуі. Осы сұрақтан келіп, ол қазақ дауыстарының түрлері мен ерекшеліктерін анықтайды, дұрыс тыныс алу мәселесін айқындайды, дауыс аппараты, оның ішінде тембр, энергетика, дыбыс динамикасына әсер ететін түрлі резонаторлардың жұмысын қарастырады. Күзеубайдың өз жұмысында Арқа дәстүрінің әншісі Б.Тілеухан және этномузикатанушы Р.Несіпбайдың бастаған дәстүрлі вокал феноменін зерттеулерін жалғастыруы өте өзекті және құнды болып табылады. Олардың ғылыми ізденістеріне негізделі отырып, диссертант өз зерттеуінде сәл ілгері жылжыды: Арқа дәстүрінің аға және жас буынынан үш әншінің (Ә.Қашаубаев, М.Ержанов және Е.Рысқали) дауыстарын компьютерлік акустикалық зерттуді қолдаланып, оның бастапқы

нәтижелерін сонограмма графиктері (дыбыстың уақыттық-спектральдық көрсетілімі) арқылы көрсетті. Бұл жұмысты ол П.И.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының зертханасында (зертхана меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты Харуто А.В. жетекшілігімен) жүргізді. Физика-акустикалық зерттеулер біздің әншілердің жоғары ән салу формантасын жоғары дәрежеде қолданатындығын (табиғи вокалдық техникасын шебер қолдануымен қоса) растады, ал бұл олардың дауыстарының «ұшуы» және «төзімділігі» (вок. терминдер «*полетность*», «*носкость*») қасиеттерінің негізі болып табылады. («Алты қырдан» немесе «жеті шақырым жерден шыққан дауыс» деген тіркестер осыдан келіп туса керек).

2. Дәстүрлі вокал мәселесіне байланысты диссертант заманауи музыка білімінің барлық сатыларында шешілуді талап ететін мәселелер тобын анық тізіп өтеді, олардың ішіндегі ең маңыздысы - дәстүрлі әншілердің *дауыс қою* мәселесін дұрыс шешу. Ол мәселеге жеке бір бөлімше арналып, онда әйгілі Арқа әншілерінің аға буынының (Ж.Елебеков, Ж.Қарменов) тәжірибесін және дауыс қоюдың бүгінгі таңдағы әйгілі шеберлерінің (Г.Қарамолдаева, Р.Жұмаділова) тәжірибесі келтіріледі. Жалпы, 2-ші бөлімде («*Қазақтың дәстүрлі вокал ерекшеліктері*» атты) диссертант дауысты қою, тыныс алу техникасы, дауыс аппаратының барлық құрамдас бөліктерінің дұрыс жұмысы жасау бойынша өзінің орындаушылық және педагогикалық жұмыс тәжірибесін есепке ала отырып, нақты ұсыныстар береді.

3. Орындаушылық аспектідегі Арқа өңірінің әншілік стилін айқындауында А.Күзеубай өте маңызды - әндерді домбырамен қостау - феноменін зерттеу негізіне алып отыр, себебі өткен ғасырда қалыптасқан мектептердің әрбір өкілінің (Ж.Елебеков, Ж.Қарменов, М.Ержанов және К.Байбосынов) *қағыс* ерекшелігі орындаушылық стильді анықтауда көрнекі үлгі болып табылады. Алайда, оны көрсетудің алдында, диссертант *қағыс* терминіне терең үңіліп, ән формасында функциясымен және орнымен ерекшеленетін оның бірнеше түрлерін анықтады. Сондай-ақ «*Арқа ән өнерінің орындаушылық стиль ерекшеліктері (домбыра сүйемел негізінде)*» бөлімінің бірінші бөлімшесінде диссертант *қағу* деп аталатын домбыра сүйемелінің ырғақтық-штрихтық техникасын қарастырып, Арқа әндеріне сүйемел ретінде қолданылатын штрихтар бойынша дәстүрлі терминологиясын анықтап, қолданысқа ұсынып отыр.


4. Сонымен қатар, қорғауға ұсынылған жұмыстың тағы бір құнды қасиеті – Алматы қаласы, Мұқан Төлебаев атындағы балалар музыкалық мектебінде қалыптасқан диссертанттың педагогикалық тәжірибесінің ғылыми түрде мазмұндалуы. Бұл мектепте А.Күзеубай «Дәстүрлі ән» мамандығын ашып, осы мамандық бойынша БММ арналған республикадағы бірінші типтік бағдарламасын жасады. Әрине, бұл тәжірибе және балаларға дәстүрлі ән айтуды үйретуге байланысты осы тұрғыдағы мәселелер қазақ музыкасын таралым мәселелерінің орбитасына кіреді. Өсіп келе жатқан буынды дұрыс тәрбиелеу, оларды ұлттық музыка дәстүрлерінің иесі, өкілдері ретінде оларға жүйелі және ғылыми негізде білім беру – қазақ музыкасының

негізін сақтау, насихаттау және оның әрі қарай жалғасуының кепілі. Сол себепті диссертацияның «Дәстүрлі орындаушыларды оқыту жүйесі және музыка мектептеріндегі «Дәстүрлі ән» мамандығы» атты 4-ші бөлімінде оқыту әдістемесі, ән репертуары, бала дауысының дұрыс жұмыс тәртібі және басқа сұрақтарға аса назар аударылады. Осы бөлімде көтерілетін заманауи дәстүрлі әншілерді оқыту мәселелері Қазақстанның заманауи мәдениетінде қазақ дәстүрлі музыкасының орны және оның қазіргі орындаушыларының статусы жөніндегі мәселені қозғайтын «Дәстүрлі әннің қазіргі мәдениеттегі орыны» атты бірінші бөлімнің мазмұнымен үндеседі. Оқу орындары *ән-күй-жыр* ұлттық музыка классикасын нағыз кәсіби оқытатын, орындайтын, насихаттайтын және жалғастыратын *орталыққа* айналуы қажет деген дұрыс қорытынды шығарылады.

Диссертанттың ғылыми зерттеу тақырыбына зор қызығушылығы, оның өз жұмысында мақсат етіп қойған музыкалық және өнертану мәселелерімен қоса мәдениеттану мәселелері бойынша күрделі сұрақтарды шешуге деген шынайы ынтасын атап өткен жөн. Докторантурада оқу барысында А.Күзеубай өзін музыкант ретінде де, зерттеуші ретінде де және дәстүрлі мәдениет қайраткері ретінде де үздік жағынан көрсетті. Мен барлығына да (өзімді қоса) осындай, дәстүрлі музыкаға деген адал, жанын қияр шәкірттер мен ізбасарлардың болуын тілеймен және осы диссертациялық жұмыс, өзінің құндылығына қарай, жоғары дәрежеде бағалануы тиіс деп есептеймін.

Сонымен, 6D041600-Өнертану мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған Күзеубай Аманкелді Ұзақбайұлының «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша)» докторлық диссертациясы қорғауға ұсынылсын деген пікір айтылады.

Өнертану докторы,
академиялық профессор



ОМАРОВА Г.Н.